



**Корпорацияның кәсіпкерлік
тәуекелдігі мен потенциалды
банкроттығын талдау
негіздері**

Банкроттың нарық шаруашылық бір категориясы болып табылады. Ол соттың шешімімен немесе кредитор келісім бойынша сотан тыс ресми түрде жарияланады. ҚР банкроттық туралы заңына сәйкес қарызды төлеуге шамасы жоқ ұғымы ақшалай міндеттер бойынша кредиторлар сұранысын еңбек ақы төлеу талабын қанағаттандыра алмау, сонымен қатар, өзіне тиісті мүлік есебінен, бюджетпен бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді қамтамасыз ете алмау жатады.



Банкроттың пайда болу негізгі себептері:
Шарушылық жүргізу жағдайы объективті
себептері:



1) Шарушылық жүргізуге тікелей қатысты субъективті себептер:

a) Банкротты уақытында болжап және келешекті одан сақтана алмау.

b) Жарнама өтімділік саудасының болмауы сұранысты дұрыс зерттемегендіктен сату көлемінен төмендеуі.

c) Өндіріс көлемі төмендеуі.

d) Ұқсас, бірақ сапасы жоғары өнімнің бағасына кейбір түрлердің бағаларының жақындауы.

e) Ақталмаған жоғары шығындар.

f) Өнімнің төменгі пайдалылығы.

g) Үлкен қарыздармен өзара төлеу алмаулары.

Банкроттың ықтималдығын бағалауды қаржылық талдау арқылы жүргізуге болады. Себебі ол кәсіпорынның экономикалық «ауруын» және одан «арылу» жолдарын талдауға мүмкіндік береді.

Қаржылық жағдайды болжау перспективалық талдаудың негізгі міндеті тандаудың бұл түрі шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижесін зерттеу кезінде болашақ міндеттерін анықтау стратегиялық басқару міндеттерін шешу үшін әкімшілікті ақпараттармен қамтамасыз етілуі қаржылық жағдайды болжаудың 4 негізгі тәсілі қарастырылады:

Несие беру
қабілетінің
индексінің есебі

Формаланған
және
формаланбаған
белгілердің
жүйесін
қолдану.

Төлем
қабілеттігінің
көрсеткіштерін
болжау.

4) Қаржылық
ағымның
құйылуын
талдау

Кәсіпорын қызметіне әсер ететін тәуекелділік факторы нарықтық экономикада үдей түседі. Тәуекелдік қандай да бір жағымсыз жағдайдың болуының мүмкіндігін көрсетеді. Тәуекелділік ұғымы кәсіпорын ресурсының бір бөлігін жоғалту ықтималдығын қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыстардың толық алынбауын немесе қосымша шығындарының пайда болуын көрсетеді. Тәуекелділік ықтималдылық категориясына жатады, яғни оны белгілі бір деңгейдегі жоғалтулардың ықтималдығы ретінде есептейді. Тәуекелділік зөін-өзі сақтандыру есебінен және хеджиралау жолымен тәуекелдіктің бөліктерін басқа фирмаға беру арқылы азайтуға болады.

Өзін-өзі сақтандыру меншікті қаражаттардың бөлігін есебінен зиянды жабу және ойда болмаған шығындарды жабуға қаражаттарды жинақтағанмен байланысты.

Шетелдерде тәуекелдікті азайтудың кең тараған тәсәлі – хеджиралау(жоғалтудан сақтау) қарсы валюталық, коммерциялық, несиелік т.б. талаптар мен міндеттерді даярлау. Бірақ, тәуекелділіктің көп бөлігі толығымен кәсіпкерлерге жүктелген.

Тәуекелдіктің түрлері:

Кәсіпкерлік тәуекелділік – бизнес түріне байланысты компания қызметінің тәуекелдігі.

Олардың негізгі түрлеріне өндірістік және коммерциялық тәуекелділік жатады.

Қаржылық тәуекелділіктің себептері: қарыз және меншікті қаражаттандырудың ара қатынастық жоғарылауы, кредиторларға тәуекелділік, капиталдың әрекетсіздігі, бір жобаға, бір мерзімге көп қаражат жұсау. Кәсіпорын банктер мен басқа да қаржы институттармен қатынаста п.б. оны басқару процесі 6 сатдан тұрады:

Мақсатты анықтау.

Тәуекелділікті анықтау, бағалау.

Болжау.

Оларды жүзеге асыру нәтижесін бағалау.

Өндірістік тәуекелділік – бұл өнім өндірісімен, қызмет көрсеткішімен басқа да түрлі өндіріс қызметтерін жүзеге асырумен байланысты тәуекелділік. Оның пайда болу себептері:

Ұйғарылған өндірістің көлемнің төмендеуі.

Материалдық шығындардың өсуі.

Көтеріңкі аударым сомасы мен саның төлеу т.б.

Коммерциялық тәуекелділік – кәсіпкер өндірген немесе сатып алған тауар мен қызметтерді өткізу процесі п.б.

Нарықтық экономика жағдайында кез-келген кәсіпорын қызметінің 5 негізгі тәуекелділік аймағын бөлуге болады:

- 1) Тәуелсіз аймақта операция жүргізгенде кәсіпорын еш тәуекелділік жасамайды, шығын көрмейді, кем дегенде есепті табыс алады. Жобаны орындағанда теориялық жағынан кәсіпорынның табысы шексіз.
- 2) Аз тәуекелділік аймағы қызмет нәтижесінде кәсіп орын таза табыс барлығы мөлшерін немесе бір бөлігін жоғалту ықтималдығы бар.
- 3) Жоғары тәуекелділік аймақта кәсіпорын нашар болғанда барлық шығындарын жабады, ал жақсы болғанда есепті деңгейден төмен табыс алады.
- 4) Қауіпті тәуекелділікті аймақ. Кәсіпорын есепті табыс қана емес, өнім өткізуден түскен табысты жоғалту ықтималдығы бар және шығындарды өзінің есебіне қайтарады.
- 5) Жарамайтын тәуекелділік аймағы. Кәсіпорын қызметі банкротқа әкеледі. Барлық инвестицияларын жоғалтады.

Тәуекелділікті сапалық талдау тәуекелдікті басқарудың екінші кезеңі түрінде көрсетеді. Ол мүмкін болатын барлық тәуекелділіктерді теңестіріп, салыстырады. Оның міндетті жұмыс пен кезеңдердің орындалуы кезіндегі себептерін анықтау, яғни тәуекел мүмкіндігін болатын аймақты айқындау, содан кейін барлық тәуекелділіктерді анықтау болып табылады.

Тәуекелділікті сандық талдау бұл – жалпы қаржылық тәуекелдіктің және ақшалай шығындардың жеке түрлері бойынша нақты көлемін анықтау. Жеке тәуекелдігінің өлшемдерін анықтау түрлі талдаудың әдістері арқылы жүргізеді. Олардың арасындағы кең тарағандары: статисткалық шығындардың мақсаттарын талдау және т.б.